**Бекітемін**
**Мектеп меңгерушісі:**
**________Молдабаева Ш.К**

**«--24---« ---08---2023ж**

**2023-2024 оқу жылына арналған**
**ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

*1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары*

*5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар*

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)** | | | | |
| 1 | 1 қыркүйек - білім күні ***«Мектеп – мейірім мекені»*** ***Талап****: білуге, жаңаны тануға құштар болу* ***Ұлттық мүдде****: ұлттық мәдениетті дәріптеу* | 2-4 сыныптар | Салтанатты жиын және сынып сағаттары | «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі | сынып жетекшілер |
| 2 | «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар ***Ұлттық мүдде:*** *қазақ* | 4 сынып | Апталық | Қазақстан халқының тілдері күніне арналған түрлі іс-шаралар | сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тілінің қолдану аясын кеңейту* | | | | |
| 3. | **«Мағжан Жұмабаев заманның заңғар тұлғасы»** | 4 сынып | Диктант жазу | | сынып жетекшілер |
| 4. | «Сәлем, жаңа оқу жылы»<br>**«Тіл мәртебесі-ел мерейі»**<br>(А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы»)<br>***Ұлттық мүдде:*** *салауатты өмір салтын ұстану*<br>***Талап:*** *білуге, жаңаны тануға құштар болу* | 4-сынып | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | сынып жетекшілер |
| 5 | Отбасы күніне арналған іс-шаралар<br>***Ар-ұят:*** *отбасының, өз ортасының абыройын асыру*<br>***Ар-ұят:*** *өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну* | 3-4 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | **«Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы» ата-аналар жиналысы** ***Талап:*** *дұрыс қарым-қатынас орната білу* | 0-4 сынып ата-аналары | Ата аналар жиналысы | Хаттама | Мектеп меңгерушісі, сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **«Әнұран айту»**<br>***Ұлттық мүдде:*** *Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.*<br>***Ар-ұят:*** *әдеп нормаларын ұстану* | 2-4 сыныптар | челлендж | әлеуметтік желілерге жариялау | сынып жетекшілер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **«Әнұран айту»**<br>***Ұлттық мүдде:*** *Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.*<br>***Ар-ұят:*** *әдеп нормаларын ұстану* | 2-4 сыныптар | челлендж | әлеуметтік желілерге жариялау | сынып жетекшілер, |






# "Мектебім-мейірім мекені"

## Тәрбие сағаты

| | |
|---|---|
| Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда) | |
| Күні:**01.09.2023** | |
| Сынып: 4 | Қатысушылар саны:4 Қатыспағандар саны: |
| Тәрбие тақырыбы | **«Мектебім мейірім мекенім»** |
| **Құндылық** | **Ұлттық мүдде** |
| Мақсаттары | |

## Сабақтың барысы:

| Сабақтың кезені / уақыт | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| | **1. Психологиялық дайындық.**<br>Жан-жағына нұр шашып<br>Арайлап жарқын таң атса,<br>Жер бетінде жайқалып,<br>Көгеріп өссе көк майса.<br>Жүрегім жыли бастайды.<br>Оралғанда сапардан<br>Алдымнан жақын жан шықса.<br>Кездескенде достарым<br>Құшағын маған кең ашса.<br>Жүрегім жыли бастайды.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Оқушыларға сұрақтар қойылады.<br>- Үлкендер еркелеткенде қандай күйде боласыңдар?<br>- Жақсы көретін адамдарға қандай тілек айтқың келеді?<br>- Басқаларға жақсылық жасаған кездерің болды ма?<br><br>**Әжем айтқан ертегі айдарымен әңгіме, ертегілер тыңдау.**<br>**Жақсылық пен жамандық.**<br>Мысал ертегі.<br>Жасы үлкен ата мен оның немересі үйдің алдында ырсылдап арпалысып жатқан | **4. Суреттерге қарап, жағдаяттар шешу.**<br>1. Сен бір құшақ газет –журнал көтеріп келе жатқан пошташыны кездестірдің.............<br>2. Сен аулаға ролик тебуге шықтың, ал досыңның ролигі жоқ..........<br>3. Анаң ас пісіріп жатыр, ал інің мазасызданып кетті........ | |

екі итке карап отырыпты. Иттердін біреуі – ак, екіншісі – кара. Он екі жастағы немере көзін ашкалы, осы иттер үнемі атасының үй алдында арпалысып жататын. Атасының бұл иттерінін үлкендігін айтсаңшы.

- Ата, иттеріңіз соншалыкты үлкен, үй күзетуге біреуі де жетпей ме? Екеуін кайтесіз? Сосын біреуі –ак, екіншісі – кара түсті болуын әдейі таңдадыңыз ба?- дейді немересі.

Жасы жетпістен аскан ата немересіне ойлы көзбен карап: «Ол иттерім» - деді, «Мен үшін мәні зор екі таңба, балам!»

- Ненің таңбасы, ата?
- Жаксылык пен жамандыктың. Тура осы иттер сиякты ішіміздегі жаксылык пен жамандык үнемі күресіп жатады. Иттерге қараған сайын соны ойлаймын. Сол үшін оларды үнемі касымда ұстаймын.

Немересінің көзі оттай жанып: «Күресте кайсысы көп жеңеді, кайсысы көп жеңіледі» - дейді. Атасы риза болып, немересінің аркасынан қағып:

- Қайсысы дейсің, балам?.. Мен кайсысына күтім жасап, жаксы көрсем, сол итім жеңетініне көзім жетеді.

**Біз кандай мейірімділік, қамкорлык жасай аламыз?**

Окушылардың ойларын тыңдау. Мысалдар келтіру.

Бірде мектепке бір кішкене торғай кіріп кетіп, шыға алмады. Біз оған көмектеспек болсак, ол бізден коркып, ұстатпайды. Ал, егерде ол мектепте жүре берсе, ашығып өліп калуы мүмкін. Өйткені шошып тіптен тамак берсен де ішпейді. Әр сыныптардан көптеген окушылар келіп, зорға деген де аулаға шығарып жібердік.

Бөлме өсімдіктеріне кандай мейірімділікпен карау керек. Неге? Мысал келтіре отырып, әнгімеле.

**Сергітейік жанымызды.**

Гүлдер әнін барлығы орындайды.

Біздін әсем аулада

Гүлдер көктеп келеді.
Күн сәулесі оларға
Алтын нұрын төгеді.
Гүлім менің өзімнен,
Айнымауын карашы.
Гүлдер кімнің баласы,
Мен анамның баласы.

5 . **Тапсырма орындау**.

Құстарға жемсауыттар дайындап, мектеп ауласындағы ағаштарға ілейік. Ол үшін бізге мынадай заттар қажет: шырынның бос ыдысы, қайшы, жіптер, салатын жемдер.

Жемсауыттың дайындалу жолдарын үйрете отырып, жасату. Техникалык кауіпсіздіктерді еске түсіріп, кадағалау. Жасалған жемсауытты аулаға апарып ілу.

**6. Жан-жануарларға да қамқорлык жасай біл!**

Мейірім әңгімесін оқып беру.

Күздің жайма шуақ күндерінің бірі еді. Сабақ тстен кейін басталатын болғандыктан, асықпай келе жаттым. Бір үйдің бұрышынан өте бергенімде үрейлене жылаған баланың дауысын естідім. Жалт қарасам, басы үлкен, құлағы салпиған қара күшік 3-4 жасар кыздың жолын бөгеп, шәуілдеп жүргізер емес.күшікті қуып жібердім. Қыз катты коркыпты. Денесі дірілдеп, өксігін баса алмай солк-солқ етеді.

7. Сабақты бекіту.

Мейірімді бол! Кестесін толтыру.

Сұрақтарға жауап алу.

- Талға мысық мініп түсе алмаса не істер едің?
- Сыркат жанға сенің колыңнан қандай жақсылық жасау келеді?
- Үлкен кісіге қандай жаксылык жасау керек?

## Садырбай ауылының бастауыш мектебі

## Қыркүйек, қазан, караша айларында өтілген іс-шара есебі

### *1-Қыркүйек «Білім күні»*

Осы мерекеге арнайы сап құрылып **«Мектеп-мейірім мекені»** алғашкы конырау салтанаты өтілді.**Мақсаты:** Окушыларға мейірімділік туралы түсінік бере отырып сүйіспеншілік дұрыс әрекет және киянат жасамау құндылыктарын ашу жәе түсініктерін кеңейту.





**5 кыркүйек күні** мектебімізде 2-4 сыныптар аралығында Тілдер мерекесіне арналған Тілдер апталығының ашылуы болды. Окушыларға мемлекеттік тілді білудің маңызы жайлы айту және оны құрметтеуге үйрету.



4 сынып оқушылары арасында **«Мағжан Жұмабаев заманның заңғар тұлғасы»** тақырыбында ашық диктант күніне мектебіміз өз үлесін қосты.





**7 қыркүйек** күні **«Тіл мәртебесі-ел мерейі»** атты сынып сағаты өтті.





**11 қыркүйек** «**Отбасы»** күніне орай ***«Біз бақытты отбасымыз»*** сынып сағаты өткізілу басрысында оқушыларға ең басты құндылық отбасы екенін, олардың бір-біріне деген қарым-қатынас туралы айтылды.Отан отбасынан басталады демекші отбасымен түскен суреттерімен бөлісті.



**14кыркүйек** күні мектепішілік ата-аналар жиналысы « **Мектеп пен отбасынын ынтымактастыгы»** такырыбында өтті.
**Мақсаты:** Отбасы тәлім - тәрбиенің негізі екенін ұғындыру, ата - аналар ынтымақтастығын күшейту
Мектеп пен ата - ананың байланысын арттырып, балаға тәрбие беріп, өз ойларын айтуға үйрету, жауап беру қабілеттерін дамыту.



**1-Казан Карттар күніне** орай 0-4 сыныптар аралыгында **«Қарттарым – асыл казынам»** атты іс-шара ұйымдастырылды. **Максаты:** Окушыларга ұлттык кадір-касиеттер, имандылык,үлкенді кадірлеу үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету керектігін түсіндіру. Окушылар өлең шумактарын окып, такпак айтып,би биледі.





*.25 –қазан Республика күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды.*

2-4 сынып арасында жалпымектептік ***"Тұғыры биік-Қазақстан"*** *атты салтанатты жиын өтті* .**20 қазан** ***«Туған тілім-анам тілі өз тілім»*** *2-4 сынып оқушылары арасында* ***сынып сағаты*** *өткізілді.*

Ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында ұлттық ойындар *ұйымдастырылды*




**23 казан күні** мектебіміз «**Әнұран айту**» челленджіне үлес қосты.Максаты: Білім алушылар арсында патриотизм мен азаматтык сезімін калыптастыруға ыкпал ету.



*Садырбай ауылының бастауыш мектебі*

# *Сынып сағаты:*

[illegible]

***Өткізген:Бастауыш сынып мұғалімдері***

***2023-2024** оқу жылы*

Андамай сөйлеген ... (ауырмай өледі)

Баска пәле... (тілден)

Жеті жұрттын тілін біл... (жеті түрлі ілім біл)

Кісінін көркі киім емес... (білім)

IV- бөлім: Сұрак-жауап.

1) Тіл туралы зан кашан кабылданды (1997 жыл)
2) Тәуелсіздік күні кашан тойланады? (16 желтоксан)
3) Ана тілі окулығы кай баспада шыккан? (Атамұра)
4) Сәкен Сейфуллиннің туғанына неше жыл? (120 жыл)
5) «Жусан иісі» кімнің шығармасы? (С.Мұратбеков)
6) Біз кай мемлекетте тұрамыз? (Қазакстан)
7) Рәміздерді ата. (ту, елтанба, әнұран)
10) Ең асыл жан? (ана)
11) Қазакстан Республикасының мемлекеттік тілі ? (казак тілі)
12) Ұлы Отан соғысының аякталғанына неше жыл?
13) Бес асыл істі ата. (талап, еңбек, терен ой, канағат, рақым )
14) Әнұранның авторлар. (Н.Назарбаев, Ш.Қалдаяков, Ж.Нәжімеденов)
15 )Ер Жәнібектің туғанына неше жыл?

Жүргізуші:
Қастерле казактың ана тілін,
Қайнаған канымен баба тілін,
Бірлікке, татулыкка ұран болған
Бұрынғы тектілердің дана тілін,- дей келе сынып сағатымызды аяктаймыз




Жүргізуші: Әр адам өз ана тілімен бакытты. Әрбір казак баласы макал-мәтел, жаңылпаш, жұмбак, ән-жыр айтып, сөзік корын молайткан. Сондыктан да, III-бөлім «атаның сөзі- акылдың көзі» (макал-мәтелдің жалғасын табу, слайд)

1-топ:

Тіл тас жарады... (тас жармаса бас жарады)

Шебердің колы ортак ... (шешеннің сөзі ортак)

Бал тамған тілден... (у тамар)

Бас кеспек болса да ...(тіл кеспек жок)

Ана сүті бой өсіреді...(ана тілі ой өсіреді)

Сөз тапканға ... (колка жок)

Ең тәтті, ең ащы, ен жұмсак... (тіл)

2-топ:

Тіліңмен жүгірме... (біліммен жүгір)

Айтылған сөз атылған ... (окпен тен)